

**Ақтөбе облыстық сайлау комиссиясының
Қ А У Л Ы С Ы**

Ақтөбе қаласы

№18

2020 жылғы 22 қазан

**Ақтөбе облыстық мәслихаты депутаттарының
кезекті сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың
Күнтізбелік жоспарын бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 12-бабының 14) тармақшасына сәйкес Ақтөбе облыстық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2021 жылғы 10 қаңтарға тағайындалған Ақтөбе облыстық мәслихаты депутаттарының кезекті сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың қоса беріліп отырған Күнтізбелік жоспары бекітілсін.

2. Ақтөбе қаласының және аудандардың әкімдері Ақтөбе қаласы мен аудандардың Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлерімен бірге мәслихаттар депутаттарын сайлауды өткізу кезеңінде өңірлердегі эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, сайлау процесінің санитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын көздесін.

3. Ақтөбе қалалық және аудандық аумақтық сайлау комиссиялары тиісті күнтізбелік жоспарларды әзірлесін және қабылдасын.

4. Осы қаулы сайлау комиссиясының интернет-бетінде орналастырылсын.

Төраға

Г. Күнбаева

Хатшы

Е. Шангереев